

**Әлеуметтік педагогтың 2021-2022 оқу жылындағы
қорытынды есебі**

Мақсаты: әлеуметтік педагогтың бірінші жарты жылдық бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару.

Жұмыс объектісі – оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары. Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсам:

Мектептің әлеуметтік төлқұжаты

- Жалпы мектеп оқушылар саны- 167
- 1-11 сыныптағы оқушы саны - 141
- Оның ішінде: қыз бала - 64 Ұл бала – 77
- I-ауысым оқушылар саны – 9 сынып - 109 бала
- II- ауысым оқушылар саны – 2 сынып - 32 бала
- МАД оқушылар саны- 1 сынып -12 бала. қыз бала -5 Ұл бала – 7
- Шағын топ оқушылар саны – 14 бала. қыз бала -4 Ұл бала –10
- Сынып саны – 12
- Сынып комплекті - 10

Әлеуметтік жағдайлары:

- Тұл жетім балалар саны – жоқ
- Жетім балалар - жоқ
- Жартылай жетім оқушы саны – 2
- Аз қамтылған отбасылардың саны – 2
- Ондағы балалар саны –4
- Атаулы әлеуметтік картаға енген отбасы – 2
- Ондағы балалар саны -7
- Көп балалы отбасылар саны – 30
- Ондағы балалар саны - 80
- Үйде оқытылатын бала саны - 1
- Есепте тұрған кәмелетке толмағандар: - 0
- Мектепшілік есепте тұратын тәрбиесі қиын бала саны – 0
- ***Есепте тұрған отбасылар - жоқ***
- ***Жалпы отбасы саны - 72***
- Саяжайда тұратындар –0
- Тіркелмегендер –0
- Патронаттық тәрбиедегі бала саны –0
- Құжаттары болмаған себептен жалақы алмайтын бала саны – 0
- Оралмандар – 0
- Өгей әкемен тұратын оқушы саны- 2 (көп балалы отбасы санатында)
- Өгей анамен тұратын оқушы саны- жоқ
- Ата-әжесімен тұратын оқушылар саны – 1,(10)
- Мүгедек ата-ана саны – 3 (1)
- **Толық емес отбасылар саны- 8**
- Ондағы балалар саны - 11

Әлеуметтік педагогтың жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оралға тиісті педагогикалық-психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру.

Оқу жылының басында барлық сыныптардың әлеуметтік төлқұжаты жасақталып, жиналған мәлімет сараптамадан өткізілді. Тамыз – қыркүйек айында оқушылардың құжаттары тексеріліп, аз қамтылған отбасыдан шыққан оқушылар саны, көп балалы отбасының балалары анықталып, әлеуметтік құжаттары толтырылды. Жалпы оқушы саны 1-11 сыныптар бойынша 141. Мектеп жанынан әлеуметтік тұрмыстық зерделеу астісін жүргізу кезінде және күнкөріс деңгейі төмен болғандықтан 4 отбасыдан 7 оқушы аз қамтылған отбасы қатарына жатқызылды және де толық емес отбасы соның ішінде (жалғыз басты аналар) 3 ана, оқушы саны 3, (ажырасқан отбасы) 6 отбасы, оқушы саны 9, көп балалы отбасы саны 31, оқушы саны 84, ата-әжесімен тұратын оқушыларымызда бар, ол оқушыларымызға сенімхат алынған.

Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жазғы каникул балалардың жылдың бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке, өзі үшін қызықты істерді жасау және өз мүдделерінің еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең. Сондықтан жаз балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, олардың жеке басына тән байланыстарын жетілдіру, әлеуметтік және мәдени білім беру құндылықтарына араласу, әлеуметтік байланыстар жүйесіне қосылу, өз жоспарларын іс жүзіне асыру, жеке бас мүдделерін қанағаттандыру, ойын-сауық, бойында жиналып қалған шиеленістен арылу, жұмсалған күшінің орнын толтыру, денсаулығын нығайту кезеңі. Осы мақсатта біздің Мектеп жанындағы “Балауса” сауықтыру лагері мектебіміздің оқушыларын соның ішінде әлеуметтік санатқа жататын 50 оқушыны парталға тіркеу арқылы, өтініш қабылдап лагер ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8 бабының 4 тармағы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» №64 Қаулысын және де аталған қаулы негізінде және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы «Кепілдік берілген әлеуметтік топтама шеңберінде ұсынылатын көмектің түрлері мен көлемдерін айқындау туралы» №1032 қаулысын (АӘК (атаулы әлеуметтік кепілдендірілген топтама) алатын отбасылары қатарындағы 6-18 жасқа дейінгі балаларға кепілді берілген әлеуметтік топтамамен қамту жұмыстарының өз деңгейінде және уақытылы

атқару) басшылыққа ала отырып, ата-аналардың өтініштеріне сай 18 отбасыдан шыққан 46 оқушыға жалпы білім қорынан спорттық киім, сумка және оқу құрал таратылды.

Махамбет аудандық білім бөлімінің №10-04-01-06-06/1214 (09.08.2021) сандық хаты негізінде «Мектепке жол» жалпы Республикалық акциясы бойынша Есбол орта мектебінің хабарламасы.

«Мектепке жол» Республикалық қайырымдылық акциясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бастамасымен 2018 жылғы 1 тамыздан бастап 30 қыркүйекті қоса алған күн аралығында бүкіл ел бойынша өткізіледі. *Акцияның мақсаты – оқу жылының алдындағы дайындық кезеңінде көп балалы және жағдайы төмен отбасынан шыққан балаларға, жетім балаларға және ата-анасының қамқорынан айырылған балаларға көмек көрсету*

Махамбет аудандық білім бөлімінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 10-04-01-04/1247 хатын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу» қағидаларын (ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 ж №235 бұйрығымен); Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық-дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысының 46-қосымшасына сәйкес күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитарлық – профилактикалық іс-шараларын, 2021-2022 оқу жылында мектеп бойынша міндетті оқу қорынан бөлінген қаржы есебінен аз қамтылған, көмек қажет ететін, ыстық тамақпен қамтылуға жататын оқушылар анықталды. Бүгінгі күні мектебіміз бойынша барлығы 105 (1-4 сынып 59 оқушы, 5-11 сыныптар бойынша 46 оқушы) тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Бракераждық комиссия мүшелері ай сайын ыстық тамаққа тексеріс жүргізіп отырады. Асханамыз модернизациядан өтті, ыдыс -аяқ, құрал -жабдықтар жаңадан алынды. “Мектепке жол” акциясы, оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылуы және жалпыға міндетті білім қорымен оқушылардың қамтылуы (всеобуч) Есбол орта мектебінің педагогилық кеңесте қаралды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №355 бұйрығына сәйкес қамқоршылық кеңес мүшелері жаңадан жасақталды.

1. Жакиев Мейрман – кеңес төрағасы, Махамбет АПБ-ның ЖПБҚ ППТ-ның қызметтік инспекторы полиция аға лейтенанты;
2. Байғалиева Айзада - “Есбол” ауылдық клубы” КМҚК басшысы;
3. Юсупова Гулдана - кеңес мүшесі, Есбол селолық әкімдік аппаратының бас маманы;
4. Калиева Айдана – кеңес мүшесі, ата-ана;
5. Нуримова Гулнур – мектеп медбикесі, ата-ана;
6. Сейтказиев Турлан - кеңес мүшесі, ата-ана;

7. Бопылдықова Зайра - кеңес мүшесі, “Айгүл” бөбекжай бақшасы, тәрбиеші.

Оқушылардың білім алуына, тұрмыс жағдайларын жақсартуына, әлеуметтік қолдау шараларын өткізуіне қолдау көрсету; Мектептің жарлық қызметтеріне ықпал ету, оқушылар мен педагогикалық ұжым үшін қажетті жағдайлар жасау, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуге көмек көрсету; Халықтық әлеуметтік осал жіктерінен шыққан білім алушылардың білім алуына, тұрмыс жағдайларын жақсартуға және еңбекпен қамтылуын қамтамасыз ету, қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түскен қаржыны бөлуге қатысу және оның мақсатты жұмсалуды туралы шешім қабылдауға құқығы бар.

“Қарттарымыз – қазынамыз” дейтін халықпыз. Ақылы дария қарттарымыздың халықаралық мерекесі біздің елімізде ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінде аталып өтеді. 1 қазақ “Қарттар күніне” орай мектебіміздің жоғарғы сынып оқушыларымен және сынып жетекшілері Сатқанбай Жазира, Қыдырқызы Раушанмен бірлесіп, ауылымыздың қарттарына құттықтау хатымызбен шағын сылығымызды алып құттықтап шықтық.

Бүгінде барлық қоғамдық орындарда, мектепте маска тағу қажет. Масканы үйден шығар алдында тағу керек. Ең дұрысы, маска бетке тығыз орналасып, иекті жауып тұруы керек. Оны мұрыннан төмендетудің қажеті жоқ. Көшеде масканы ұстамауға тырысыңыз, оны иекке және артқа қарай жылжытпаңыз. Масканың жоғарғы бөлігінде мұрынға тығыз басуға мүмкіндік беретін икемді металл сым бар. Сонымен қатар бұл қорғаныс құралын екі сағат сайын ауыстырып отыру, ескіргендерін арнайы қоқыс жәшіктеріне лақтыру керек деп оқушыларға түсінік жұмыстарын жүргізіп, “Өз денсаулығың өз қолыңда” деген мақсатпен мектебіміздің оқушыларына тегін маска таратылды.

22 қазан күні «Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы аясында түсінік жұмыстарын жүргізді. «Инклюзивті білім - бұл әр түрлілікті, әр түрлі қажеттіліктер мен қабілеттерді, оқушылар мен қауымдастықтардың оқудағы ерекшеліктері мен үміттерін ескере отырып, барлық адамдарға сапалы білім беруге бағытталған, кемсітушіліктің барлық түрлерін жоюға бағытталған жалпы білім берудің үздіксіз даму процесі». (ЮНЕСКО, 2008 ж.)

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беру Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық құжаттар мен отандық заңнамаларға сәйкес белсенді түрде дамуда. Осыған байланысты инклюзивті білім берудің нормативтік -құқықтық заңнамасы жаңартылуда.

Мектебіміз бойынша 1 үйден оқитын және 5 ерекше назардағы оқушымыз бар. Бұл оқушыларымыз мұғалімдер тарапынан көп көмекті қажет етеді. Осыған орай әр оқушыға жеке тоқталып ОПМПК қорытындысы бойынша түсінік жұмыстары жүргізілді.

Қараша айында “сіз қандай ата-анасыз” тақырыбында өгей әкелерге сауалнама жүргізілді. Өгей әкемен тұратын және инклюзивті білім алатын оқушыларға да жеке сауалнамалар берілді. Ерекше назардағы оқушылардың сабақтарына кірілді.

Аудандық білім бөлімінің 10-04-01-04/1783 санды хаты негізінде Бракераж және Қамқоршылық кеңес мүшелерімен мектеп асханасына толықтай зерделеу жұмыстарын жүргізді. Асхана модерниязиядан өткен, ыдыстары жаңа, ас болсын стендтері ілінген. Толықтай қанағаттанарлық, санитарлық талапқа сай.

Президенттік шыршаға мектебімізден Қамқоршылық кеңестің шешімімен көп балалы отбасыдан шыққан 4 сынып оқушысын ұсынып, оқушыға жаңа жылдық тәтті мен жаңа телефон сыйланды. Үйден оқитын оқушымызға аудан әкімі атынан сыйлықтар берілді. Және де ауылымыз бойынша 9 балаға жаңа жылдық тәттілер таратылды.

Жылдағы дәстүр бойынша қаңтар айында өтетін “Қайырымдылық” қамқорлық акциясынан биылда тыс қалмадық. Еріктілерден және мектеп ұжымынан жиналған қаражатқа әлеуметтік осал топ оқушыларына спорттық аяқ киім басқа да киімдер алынып, таратылды. Мектебіміз бойынша 5 оқушымызды қуанттық. Бұндай игі істер әлі де жалғасын табарына сенеміз.

Әлеуметтік педагог А.Төреғалиева